

БІЗ ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕП ЖАТЫРМЫЗ. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-МЕН ҮШ ЖЫЛДЫҚ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА КӨПТЕГЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚТАР, АТАП АЙТҚАНДА ВАГОНДАРДЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕН БАСТАП ТАЗАЛЫҚТЫ ОНЛАЙН БАҚЫЛАУҒА ДЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТТЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. ВАГОНДАР КАМЕРАЛАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛЫП, ӨТЕТІН ЖЕРЛЕР ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ОРЫНДАРЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙТІН БОЛАДЫ.

Мақсат ҚАЛИАҚПАРОВ,  
ҚР Көлік вице-министрі



№98 (3028)  
19/11/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### УНИКАЛЬНОЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ ПУТЕШЕСТВИЕ

**Туристический поезд Jibek Joly прибыл в Ташкент. Первые 115 пассажиров нового маршрута, запущенного в рамках пилотного проекта АО «Пассажирыские перевозки», проведут два дня в столице Узбекистана Ташкенте.**

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Астана

В первый день туристы осмотрят исторический комплекс Хаузати-Имам, включающий Мдресе Барак-Хана, мавзолей святого Абу-Бакра Каффали Шаши и «Толе-Би». Также они посетят тематический парк Magic City и другие современные достопримечательности столицы Узбекистана. Второй день в Ташкенте будет отведен для самостоятельного изучения города. Для удобства туристов предусмотрены экскурсии с профессиональными гидами и транспортное сопровождение на комфортабельных автобусах.

— Этот проект был реализован национальной компанией «Қазақстан темір жолы» по поручению Главы государства в рамках стратегии развития туризма совместно с Министерством транспорта, Министерством туризма и спорта, а также акиматами города Алматы и Туркестанской области. Кроме того, в его реализации участвовали партнеры из компании «Узбекские железные дороги», — отметил заместитель



генерального директора АО «Пассажирыские перевозки» Мухит Турсынбаев.

Туристический поезд Jibek joly отправился в путь со станции Алматы. В течение пяти дней состав проследует по маршруту Алматы – Туркестан – Ташкент – Алматы. Первой остановкой стал город Туркестан. Здесь пассажиры посетили один из самых древних городов на территории Средней Азии – Отырар, а также мавзолей Арыстан-баба, историко-культурный заповедник-музей «Азрет Султан» и крупнейший туристический комплекс в Центральной Азии «Караван-Сарай».

Новый состав состоит из пяти вагонов, из которых четыре купейных и один вагон-ресторан. Они оформлены в традиционном стиле с

изображением национальных орнаментов.

В течение путешествия в поезде будут организованы различные досуговые мероприятия: настольные игры, такие как шахматы, UNO, а также лотерея с призами для туристов.

Кроме того, для удобства пассажиров в поезде будет доступна мультимедийная система Vpiti.kz, где можно будет смотреть фильмы и документальные программы, слушать музыку и читать книги. Пассажирам также будут предоставлены брошюры с программой и карты городов для удобства изучения достопримечательностей. Каждому пассажиру на память будет подарена туристическая книга «Түркістан жаңғыру».

Фото Сары САХЫНБЕК

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕДІ



Биылғы жылдың 18 желтоқсанында Астанада «Көлік және логистика нарығы» VI халықаралық конференциясы өтеді. Қазақстанның көлік және логистика саласын дамытуға мүдделі тараптар үшін айтулы оқиға болып отырған шараға «Қазақстан темір жолы» компаниясы да қатысады.

Конференция мен форумда сектордың өсуінің маңызды мәселелері мен перспективалары, тәжірибе алмасу және логистиканың тиімділігін арттыру үшін жаңа шешімдер талқыланады. «Көлік және логистика нарығы» VI Халықаралық конференциясы – жүк тасымалын жақсартуға, контейнерлік және астық логистикалық жүйелерін дамытуға, сондай-ақ процестерді автоматтандыру үшін онлайн-сервистерді пайдалануға бағытталған. «GLOBAL AVIA» I Халықаралық форумы – Қазақстандағы әуе тасымалдарының болашағы, жаһандық трендтер, қауіпсіздік, экология және авиациялық логистиканы цифрландыру.

Іс-шараға мемлекеттік құрылымдардың, бизнестің және халықаралық компаниялардың өкілдері, көлік, логистика және авиация саласында жұмыс істейтін сарапшылар мен ғалымдар қатысады. Бұл форум білім алмасуға және іскерлік байланыстар орнатуға тамаша мүмкіндік береді. Қазақстан маңызды көлік хабына айналуға және бұл форум – болашаққа жасалған қадам.

Ұлан ОРАЗ



**Улуғбек ОРАЗОВ,**  
заместитель генерального директора  
по коммерции АО «КТЗ Экспресс»:

В ЦЕЛЯХ УКРЕПЛЕНИЯ ПОЗИЦИИ КАЗАХСТАНА В ГЛОБАЛЬНОЙ ТРАНСПОРТНОЙ СИСТЕМЕ И СОЗДАНИЯ КОМПЛЕКСНОЙ ЛОГИСТИЧЕСКОЙ ЦЕПИ НА ВСЕМ ПРОТЯЖЕНИИ ТМТМ МЫ ПЛАНОВЕРНО РАЗВИВАЕМ ТЕРМИНАЛЬНУЮ СЕТЬ В КЛЮЧЕВЫХ ТОЧКАХ ПОГЛОЩЕНИЯ И РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ГРУЗОВ. В СВЯЗИ С НЕОБХОДИМОСТЬЮ ФОРМИРОВАНИЯ ТЕРМИНАЛЬНОЙ СЕТИ В ЕВРОПЕЙСКОЙ ЧАСТИ ТМТМ, В ДАЛЬНЕЙШИХ ПЛАНАХ КОМПАНИИ – РАСШИРЕНИЕ ПРИСУТСТВИЯ В ПОРТАХ АЛТАУ, КОНСТАНЦЫ И БУДАПЕШТЕ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АТЫРАУ ВОКЗАЛЫ  
БҮГІНДЕ ТӘУЛІГІНЕ

**1000**

АСТАМ АДАМҒА ҚЫЗМЕТ  
КӨРСЕТЕДІ.

2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ТХКБ  
БОЙЫНША ЖҮК  
АҒЫНЫНЫҢ КӨЛЕМІ  
АЛТЫ ЕСЕГЕ ӨСІП,  
**283** мың

ЖФЭ-НІ ҚҰРАЙДЫ ДЕП  
КҮТІЛУДЕ.

2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ CHINA  
RAILWAY ROLLING STOCK  
КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ

**100**

АСТАМ ЛОКОМОТИВІ  
ҚАЗАҚСТАНҒА  
ЭКСПОРТТАЛМАҚ.

### Логистика

## КӨМІР ТАСЫМАЛЫ ТҰРАҚТЫ

«Қазақстан темір жолы» компаниясы барлық тұтынушыларға көмірдің тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етіп отыр. ҚТЖ-да көмір тасымалын бақылап, үйлестірумен айналысатын штаб тәулік бойы жұмыс істеуде.

**Нұрбек БЕКЕН,**  
Астана

Алдағы 2024-2025 жылдардың жылу маусымы кезеңінде, яғни мамырдан қарашаға дейінгі аралықта «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан бойынша 36,8 млн тонна қатты отын жеткізген, оның ішінде еліміздің жылу электр орталықтары үшін 32,5 млн тоннадан астам көмір тасымалданған. Ал коммуналдық-тұрмыстық сектор үшін 4,3 млн тоннадан астам көмір жөнелтілген.

Қатты отын тасымалдауға 20 мыңға жуық вагон тартылған.

Республиканың барлық жылу электр орталықтарында нормативтік көрсеткіштерден асатын көмір қоры жинақталған, көрсеткіш 5,5 млн тоннадан асады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға артық. Көмір тұйықтарында 600 мың тонна көмір бар.

ҚТЖ-да көмір тасымалдауды үйлестіру үшін тәулік бойы жұмыс істейтін штаб қызмет етуде. Күн сайын ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің өкілдерімен

кеңестер өткізілуде. ҚТЖ жүк жөнелтушілердің барлық өтінімдерін 100% орындап отыр, көмір тиеуге арналған бос ашық вагондардың 3-4 тәулікке жететін қоры бар.

Компания барлық тұтынушылар үшін көмірдің тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуді жалғастыруда. Осы ретте компания мамандары көмір операторлары мен жүк жөнелтушілерді, әсіресе күзгі-қысқы кезеңде тасымалдауға өтінім беруге шапшаң әрекет етуге шақырады.

### ДЛЯ ОБЩЕЙ ПОЛЬЗЫ

Идею создания торгово-распределительного центра для укрепления торговых связей между Казахстаном и Узбекистаном обсудили в порту Актау.

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Актау

Руководство Актауского морского порта провело встречу с делегацией Торгово-промышленной палаты Узбекистана по вопросам развития экономического партнерства.

Стороны обсудили перспективные направления для совместных проектов. Особое внимание было уделено идее

создания торгово-распределительного центра, который станет платформой для реализации продукции узбекских предпринимателей на внутреннем рынке Казахстана, а также для перевалки грузов в другие страны.

— Это позволит заложить основу для успешного и долгосрочного сотрудничества, укрепив экономические и логистические связи между



братскими странами, — отметил президент АО «НК «Актауский международный морской торговый порт» Абай Турикленбаев.

Он подробно рассказал о

деятельности порта, его возможностях и инфраструктуре, ознакомив гостей с ключевыми аспектами работы.

Фото автора

### ТЕҢІЗ КӨЛІГІ АРҚЫЛЫ ЖҮК ӨСКЕН

Теңізге шығатын жолы жоқ елдер қатарындағы Қазақстан үшін Каспий теңізі – су көлігіне жол ашатын бірден бір мүмкіндік болып саналады. Каспий арқылы Ақтау және Құрық порттарын дамытып, сәйкесінше теңіз көлігі арқылы жүк тасымалы жыл сайын артып келеді.

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана

2024 жылдың 10 айында Қазақстанның теңіз порттары арқылы 6,2 млн тонна жүк тасымалданды. Өткен жылмен салыстырғанда теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемі 3%-ға, оның ішінде транзиттік жүктерді тасымалдау 18%-ға өсті.

Құрық паром кешені арқылы автокөлік құралдарына қатысты жүкті өңдеуде 22%-ға

өсу байқалады. Ақтау порты арқылы өткен 27 мыңға жуық контейнерді қоса алғанда «Шығыс-Батыс» транзиттік қатынасындағы контейнер тасымалының көлемі 84%-ға ұлғайған. Сондай-ақ Биыл Құрық портының «Саржа» терминалы аталған кезеңде Түркия мен Иран бағытында шамамен 55 мың тоннаға жуық жүк, атап айтқанда түсті металдар, аммофос, арпа өңдеді. Сонымен қатар Құрық портының «Ерсай» теңіз терминалынан 2024 жылы Қазақстан арқылы

Әзірбайжаннан Өзбекстанға транзитпен 153 габаритті емес жүк тасымалданды.

Айта кетейік, Биыл қазан айында Құрық портында жылына қуаты 1 млн тоннаны құрайтын тағы бір астық терминалы қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Құрық портының базасында толыққанды логистикалық кластер құру жұмысы белсенді жүріп жатыр.

Ал жақында, осы қараша айында

Маңғыстау облысындағы Каспий теңізінің жағалауында Ақтау портының өткізу қабылетін жылына 240 мың ЖФЭ-ге дейін арттыруға мүмкіндік беретін алғашқы контейнерлік хабтың құрылысы басталды.

Жобаны «Ляньюньган порты» АҚ және Ақтау теңіз сауда порты бірлесіп жүзеге асыруда. Бұл жоба – елдің халықаралық логистикалық жүйедегі ұстанымын арттырумен қатар көлік-логистика саласының әлеуетін кеңейтеді. Нақтырақ айтсақ, хаб құрылысы Әзірбайжан, Грузия, Түркия арқылы Транскаспий бағытында контейнерлерді тасымалдауды ұлғайтуға және Қытайдан Еуропаға келетін транзиттік жүктердің бір бөлігін қайта бағдарлауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта 20-дан астам арнайы техникалық көмегімен жердегі уәкесені вертикальды жоспарлау бойынша жұмыс жасалып жатыр.

Любовь РОББА



## ТЕХНИКА ҚЫСҚА ДАЙЫН

Ұлан ОРАЗ,  
Астана



Темір жолда қар тазалау үшін 280 бірлік арнайы техника: 192 қар тазалау және 88 қар жинау машиналары толық дайындықта.

Барлық техника жоспарланған жөндеу және техникалық қызмет көрсетуден өтті. Арнайы техника қыста қарлы учаскелерді ескере отырып, бүкіл теміржол желісіне таратылады. Магистральдық желі бойынша мұндай учаскелердің жалпы ұзындығы 5000 шақырымнан асады. Қар тазалайтын машиналардың негізгі бөлігі Ақмола, Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Абай және Ақтөбе облыстарында шоғырланған.

Сондай-ақ жолды қар үйінділерінен қорғау мақсатында қардан қорғайтын қоршаулар жөндеді. Бағыттама-лық бұрмалардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін станцияларда пневматикалық үрлеу жүйелері жұмысқа дайын.

Теміржолшылар қыс мезгілінде, қатты жауын-шашын кезінде, автомобиль жолдары мен авиарейстердің жабылуы жағдайында жолаушыларды қауіпсіз және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етеді.

## КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау



Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты бірнеше вокзалға күрделі жөндеу жүргізіледі.

Жалпы, бөлімше қарамағында 16 теміржол вокзалы мен 37 жолаушылар платформасы бар. Олардың бәрі билет кассаларымен және басқа да міндетті қызмет көрсету түрлерімен қамтамасыз етілген. Солардың ішінде тозығы жеткен Құлсары және Мақат вокзалдарына күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып, бүгінде жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталуда. Бұл жөнінде Атырау магистральдық желі бөлімшесі, вокзал шаруашылығы бөлімінің бастығы Айбек Қуанышев мәлім етті.

Ал биылғы жылға бөлімше бойынша «Теміржол-су-Ақтөбе» ЖШС-мен арадағы шартқа сәйкес 262 786 мың теңгеге бірқатар нысандарға ағымдағы жөндеу жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда ПЧ-9 Атырау, табельдік ст. Аққыстау, Атырау ст. жылыну будкасы, ЭЧ-4: Опорный, Ескене, Сағыз аудандық тораптары, т.б. Бүгінгі күнге 12 нысанның жөндеу жұмысы толық аяқталған, қалғандарын жыл аяғына дейін бітіру көзделіп отыр. Сондай-ақ бөлімше бойынша 135 нысанға өз күштерімен жөндеу жасалған. Қазіргі уақытта барлық нысандарда жөндеу жұмысы аяқталып, вокзалдар мен басқа да нысандарға жылу уақытты берілген.

## ЖАҒЫМСЫЗ ФАКТОРЛАР ЖОЙЫЛМАЙ ОТЫР



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Ақтөбе учаскесі бойынша бас ревизоры Еркінбек Елғондының басшылығымен өткен жиында биылғы жылдың 10 айының жұмысы қорытындыланып, бірқатар мәліметтер жария болды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Мәселен, биылғы он айда Ақтөбе теміржолының аумағында локомотив бригадалары 56 рет шұғыл тежеу берген. Оның 18-і – жолаушылар пойызы. 35 мал басу жағдайы тіркелді. Жылжымалы құрамдар белгіленбеген жерден өткен 7 адамды соғып, 5 жағдай адам өлімімен аяқталған.

Ақтөбе учаскесінің бас ревизоры аймақтағы қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты басшыларды жинап, теміржол көлігінің ақаусыз жұмысына әсер ететін жағымсыз факторларға тоқталды. Өкінішке қарай, жүргізіліп отырған профилактикалық шараларға қарамастан, қараусыз жайылған мал, автокөлік құралдары жүргізушілерінің теміржол өткелдерін кесіп өту ережелерін бұзуы, адамдардың жолды кесіп өтуі сынды келенсіз жайттардың азаймай отырғанын мәлімдеді.

Сонымен қатар адамдардың темір жолға бөгде заттарды тастауы, теміржол мүлкін ұрлау, дала өрттері секілді теміржолшылар күнделікті күресіп жүрген мәселе де қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп



отырған факторлар екені айтылды.

Биыл 10 айда аймақта жылжымалы құрам белгіленбеген жерден өткен 7 адамды қағып кетіп, 5 адам қаза болған. Оның бірі маусым айында «Ақтөбе-1-Жіңішке» аралығында болды. Темір жолды белгіленбеген жерден өтем деген 17 жастағы қыз бала ауруханада қайтыс болды.

«Мұндай қайғылы жағдайлар сабақ болу керек. Бірақ жыл сайын қайталанып отырған қайғылы оқиғалар жергілікті тұрғындардың қауіп-қатерді ескерту, алдын алу, түсіндіру жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлмей отырғанын көрсетеді. Сондықтан біз өз тарапымыздан қауіпсіздік шараларын күшейте түсуіміз қажет», – деді Еркінбек Елғонды.


Аймақ теміржолшылары жыл сайын

тікенді сым мен ескі шпалдарды қолдана отырып, 80-100 шақырымға дейін көлемде жол бойына мал өтпейтін қоршау салады, қайта жөндейді. Биыл теміржолға жақын елді мекендердегі 7 мыңнан астам адамға мал жаю тәртібін түсіндірген. Автокөлік жүргізушілері де қозғалысқа кедергі келтіруін доғармай отыр. Локомотив машинистері әрдайым қозғалыста болғандықтан автокөлікпен соқтығысудың алдын ала алмайды.

Қауіпсіздік басты тақырыпқа айналған жиында осы және тағы басқа мәселелер сөз болып, жоғарыда айтылған келенсіз жайттардың алдын алуға бағытталған бірқатар ұсыныстар берілді.

Суретті түсірген автор

## МАҚСАТ – ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ



Биылғы көктемгі су тасқыны еліміздің бірқатар өңірімен бірге семейліктерді де әбігерге салды. Аягөз, Жарма өңіріндегі теміржолға да қауіп төнген. Осыған орай теміржолшылар алдағы көктемде орын алуы ықтимал қар суынан болатын тасқын қатеріне даярлық жұмыстарын қазірден бастады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Өңірдегі көктемгі су тасқынына дайындық деңгейін тексеру және қажетті шараларды бақылау мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда. Жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлескен жұмыстар алдағы көктемге дейін жүргізілімек. Бірінші кезектегі міндет станциялар басшыларына жүктелуде. Олар әкімдіктермен бірлесіп жұмыс жүргізіп, аумақтағы су қоймаларындағы су қорының жинақталуын назарда ұстап, қар шығару сенбіліктерін ұйымдастыруы тиіс.

Сонымен қатар су тасқыны қаупіне байланысты су арналарына

тазалау, қорғаныс бөгеттерін нығайту және қажетті техникаларды әзірлеу секілді алдын алу шаралары қазірдің өзінде пысықталуда. Бұл жұмыстардың барлығы аймақ басшысының тікелей бақылауына алынып отыр.

– Жалпы, өңірде төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған шараларға теміржолшылар да атсалысатын болады. Осы орайда НЖС-6 бөлімшесіне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр мен 181 шақырым арық, 1216 км су арналарын қардан тазарту жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Қызылсу қаупі аяқ астынан. Сол себепті де қажетті жағдай туындаса, жұмылдыру үшін арнайы техникалар да даяр, – дейді Семей магистральдық желі бөлімшесі



бойынша азаматтық қорғаныс бөлімінің инженер-технологы Еркін Спанов.

Осылайша қыс мезгіліндегі атқарылған жұмыстар көктемгі кезеңде су тасқынының қаупін барынша төмендетуге бағытталмақ.

Айта кетерлігі, Абай облысындағы көктемгі су тасқынына даярлық мәселесі ҚР Үкіметі

апаратының Өңірлік даму және бақылау бөлімінің назарына алынған. Соның аясында қазіргі күннен бастап атқарылған аймақтағы барлық шаралардың сапасы бағаланатын болады. Басты міндет – мекемелерге су тасқынына қарсы іс-шараларды уақытлы жүргізіп, көктемде төнер қауіптің алдын алу болып отыр.

Суретті түсірген автор

## ҮЗДІК АТАНҒАН ҰЖЫМ



Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі филиалына қарасты Жамбыл өрт сөндіру пойызы биыл «Үздік өрт сөндіру пойызы» атанып, арнайы марапатқа ие болды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

Шығысында Түрксіб станциясының, батысында Түлкібас станциясының теміржол өткеліне дейінгі – 234, Жаңатас қаласына қатынайтын теміржол желісінің 178 шақырымын қосқанда жалпы 412 шақырым аумақтың өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жеке құрамда 12 маман бар. Штабта келіп түскен шақырулар мен хабарларды реттеп отыратын орталық өртке қарсы қызмет пунктіннің 3 диспетчері жұмыс істейді. Өрт сөндіру-техникалық жабдықтары әркез сақдай-сай. Әрқайсысының сыйымдылығы 50 тоннадан 150 тоннаны құрайтын 3 су цистернасы және тілсіз жауды ауыздықтауға арналған түрлі агрегаттары бар.

Біз келгенде өрт сөндірушілер «Таза Қазақстан» жоақтиясына өз үлестерін қосып, штаб аумағында күзгі тазалық жұмыстарын жүргізіп бітіп, кезекті жоспарлы жиын өткізіп жатыр екен. Жеке құраммен жұмыс жайын талқылаған өрт сөндіру пойызының бастығы Марат Керімқұлов осы салада 39 жылдан бері табанды еңбек етіп келе жатқан шебер



Ислам Қосыбақовты «Қазақстан темір жолының 120 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапаттады. – Ислам Қосыбақов бізде өрт-жеңін жөндеу шебері болып жұмыс істейді. Өртке қарсы қызметте әбден ысылған тәжірибелі маман. Жалпы бізде талай жылдан бері табан аудармай жемісті еңбек етіп келе жатқандар бар. Бәрі өз ісінің шеберлері, кәсібіне адал, – дейді Марат Әбенұлы.

Теміржолшылар болмаса, бы-

лайғы жұрт өрткеңі дегеннің не екенін, оны күтіп-ұстаудың өзіндік талаптары болатынын, кез келген дабыл берілген жағдайда осы құрылғының сақдай сай дайын тұрғаны аса маңызды болатынын біле бермейді. Өрт сөндіру пойыздарында ұзындығы 1,5 шақырымға дейін жететін өрткеңінің 51, 66, 77 диаметрлі үш түрі болады. Тілсіз жауды ауыздықтаушылар сол өрткеңіні алып, жалынға оранған аумаққа дейін жүгіріп, су шашуы керек.

Диаметрі мен ұзындығына қарап, оны көтеру үшін өрт сөндірушілерге күнделікті қандай физикалық дайындық керек екенін шамалай беріңіз. Көтеріп жүретін құрылғылардан бөлек, жалынға шыдамды арнайы киімдердің салмағын қосыңыз. Сондықтан өрт сөндіру пойызының ерікті өрт сөндіру құрылымдарының құрамдары апаратына 2 рет техникалық сабақтарға қатысып тұрады.

– Мысалы, бүгінгі техникалық дайындықта 1 сағат теориялық, 1 сағат практикалық сабақтар өткіздік. Жаттығу штаб аумағында өтетін болған соң, өрткеңіні толық 1,5 шақырымға созып, 200-300 метр жерге дейін жүргіземіз. Белгіленген уақытта құрамның қанша минутта өрт сөндіру көлігіне, ЗИЛ-130-ға мініп түсетінін бақылаймыз. Жоспар бойынша жаттығуларды Тараз станциясындағы құрылымдық бөлімдерде өткіземіз. Сондай-ақ қызметкерлерді ай сайын 100 және 1 мың метрлік кроссқа жүгіртіп, турнирлерде түрлі физикалық жаттығулар жасатып дайындаймыз, – дейді өрт сөндіру пойызының бастығы.

Теміржолда еңбек етіп келе жатқан 41 жылдың ішінде түрлі жағдайды көрген тәжірибелі басшы Марат Әбенұлының айтуынша, өрт сөндіру пойызының құрамындағы екі цистернадағы 100 тонна су күзгі-қысы маусымда үздіксіз жылытылып тұрады екен. Ал үшінші цистерна жылыту жүйесіне қосылмаған соң қыстыңүні температура 10



градуска төмендегенде су қатып, цистерна жарылып кетпеуі үшін суын төгіп отыратын көрінеді. Жалпы жылдың қай мезгілінде де дабыл түсе қалған жағдайда 150 тонна су дайын тұрады.

Негізгі өрт сөндіру пойызы бір шақыртқа барғанда қуаты жағынан 24 мемлекеттік өрт сөндіру құрылымын алмастыра алады. Айталық, өрт сөндіру көлігіндегі 2,3 тоннадай су 2 минутқа ғана жетсе, арнайы жабдықталған пойыз 1 минутта 1 тонна 600 литр су шашып үлгереді, бір цистернадағы суды 30 минут тоқтаусыз бере алады.

– 2010 жылы Тараз қаласындағы «Қазфосфат» ЖШС зауытының жерасты мұнай қоймасында өрт түтанды. Сонда 28 өрт сөндіру шашып өртті өшірді, – деді Марат Керімқұлов.

Өрт сөндіру пойызы мамандары қызмет көрсететін аумақтағы құрылымдық бөлімшелердің ғимараттарындағы өртке қарсы алдын алу шараларының қалай орындалғанын тексеріп отырады. Гидранттарды, ішкі өрт сөндіру

төсемдерінің дұрыс орналастырылуын, өртке қарсы дабыл жүйесінің жұмысын зерделейді.

Марат Әбенұлы бөлім басшысымен өрттің алдын алу профилактикалық іс-шараларын зерделеу үшін бір айда телім бойын бірнеше рет автокөлікпен аралап шығады. Өрт қаупі бар маусымда шойын жолдың бойында өртке қарсы жүргізілген жолақтар тексеріледі. Жергілікті әкімдіктердің, төтенше жағдай департаментінің өкілдерімен дөңгелек үстелдер өткізіп, тұрғындармен кездесуі тұрады. Теміржол бойындағы өндіріс орындары мен жеке кәсіпкерлік нысандарына арнайы жадынама таратады. Сол аумақтағы ерікті өртке қарсы құрылымдардың құрамын жинап, теориялық, практикалық оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізеді.

Жаттығу барысында өрт кезіндегі нұсқаулықтардың қалай орындалатыны бақылауға алынады. Бірінші кезекте атқарылуы тиіс талаптардың қатарына ерікті үлгеруді, бір цистернадағы суды қызметті қалай күтіп алатыны, ғимарат немесе көлік ішіндегі адамдарды құтқару, маңызды тиісті құжаттарды сыртқа шығару секілді міндеттер жатады.

Бұдан бөлек жылдық жоспарға сәйкес төтенше жағдайлар департаменті, азаматтық қорғаныс қызметі және басқа да тиісті құрылымдармен бірлескен тактикалық оқу-жаттығуларын өткізеді. Биыл Жамбыл станциясы өрт сөндіру пойызы осындай ауқымды жоспарлы 4, жоспардан тыс 2 іс-шараға қатысып, өз міндеттерін мінсіз атқарып шықты.

Суреттерді түсірген автор



## СТАРТ СТРОИТЕЛЬСТВА КОНТЕЙНЕРНОГО ХАБА



ИНФРАСТРУКТУРА

**В Мангистауской области началось строительство первого контейнерного хаба на побережье Каспийского моря, который увеличит пропускную способность порта Актау до 240 тысяч ДФЭ в год.**


**Айлин БАУРЖАН,**  
Мангистауская область

В настоящее время ведутся работы по землеустройству. На объекте задействовано более 20 единиц спецтехники. Завершить указанные работы планируется в середине 2025 года.

Первый этап строительства объекта предполагает создание достаточных мощностей для обработки как минимум 70-80 тысяч TEU контейнеров с возможностью последующего наращивания по мере необходимости.

Проект реализуется ГК Порт Ляньюньган совместно с Актауским морским торговым портом. Успешная реализация позволит повысить позицию страны в международной логистической системе и расширить потенциал транспортно-логистической сферы. А также увеличить транспортировку контейнеров в Транскаспийском направлении через Азербайджан, Грузию, Турцию и переориентировать часть транзитных грузов, следующих из Китая в Европу.

Отметим, что на сегодняшний день показатель по контейнерным перевозкам



через морские порты увеличился на 84% и составил 58 тысяч ДФЭ, при этом рост контейнерных перевозок по Транскаспийскому международному транспортному маршруту отмечается в 2,7 раза.

Фото автора

## Интервью

### САМАЯ ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ

**Целью обеспечения безопасности на железнодорожном транспорте являются не только профессионализм и престиж АО «НК «КТЖ», но и сохранность целостности инфраструктуры, технических средств, перевозимых грузов и людей. Главный ревизор департамента безопасности движения по Восточно-Казахстанскому участку Айдын Огузбаев рассказал о модернизации железной дороги в регионе, роли ревизорского аппарата, выявленных нарушениях и мерах по их недопущению в дальнейшем.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

**– Какова роль ревизорского аппарата РБ в обеспечении безопасности?**

– Сразу хочу отметить, что железнодорожная отрасль в Восточном Казахстане играет огромную роль в экономике страны. Еще в 1930-е годы здесь проложили участок Локоть – Защита, а вслед за развитием тяжелой металлургии участки были продлены до станций Алтай (Зыряновск), Риддер (Лениногорск). На сегодняшний день железная дорога региона не остается в стороне от передовых технологий и даже занимает ведущую роль по некоторым направлениям. Например, в границах Защитинского региона с 2017 года применяется волоконно-оптическая система для организации связи и передачи блокировочных сигналов ПЛАБ, с 2022 года организована система диспетчерского контроля АСДЦ, что позволило организовать региональные центры управления поездами (РЦУП).

Развитие железной дороги, внедрение новых технологий требуют больших усилий, направленных на обеспечение безопасности движения. Ответственную роль в этом процессе занимает ревизорский состав аппарата РБ. Еще несколько лет назад основной задачей ревизоров по безопасности движения являлся контроль над точным выполнением правил технической эксплуатации (ПТЭ) железных дорог, приказов, распоряжений и инструкций. Сегодня структура службы безопасности движения в АО «НК «КТЖ» охватывает все подразделения компании, деятельность которых связана с движением поездов во всех уровнях управления. Силами аппарата главного ревизора

и отраслевых ревизоров по безопасности движения в каждом регионе обеспечивается внедрение, мониторинг и контроль в рамках реализации требований Функциональной стратегии по обеспечению безопасности движения.

**– Каково состояние безопасности на железной дороге в рамках Восточно-Казахстанского региона?**

– По итогам работы за 10 месяцев 2024 года допущено 26 случаев нарушений безопасности движения против 23 за аналогичный период прошлого года, по АО «НК «КТЖ» и дочерним организациям – три случая.



**ЕЩЕ НЕСКОЛЬКО ЛЕТ НАЗАД ОСНОВНОЙ ЗАДАЧЕЙ РЕВИЗОРОВ ПО БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ЯВЛЯЛСЯ КОНТРОЛЬ НАД ТОЧНЫМ ВЫПОЛНЕНИЕМ ПРАВИЛ ТЕХНИЧЕСКОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ (ПТЭ) ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ, ПРИКАЗОВ, РАСПОРЯЖЕНИЙ И ИНСТРУКЦИЙ. СЕГОДНЯ СТРУКТУРА СЛУЖБЫ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ В АО «НК «КТЖ» ОХВАТЫВАЕТ ВСЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ КОМПАНИИ, ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КОТОРЫХ СВЯЗАНА С ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ ВО ВСЕХ УРОВНЯХ УПРАВЛЕНИЯ.**

Из них – по одному крушению, событию и инциденту. В прошлом году было шесть случаев НБД, из которых – четыре события и два инцидента. Одной из основных причин нарушения безопасности движения в хозяйстве движения явился человеческий фактор. Это выразилось в недостаточном знании работниками требований нормативно-технической документации и неисполнении должностных инструкций. В целях упрощения порядка маневровых работ составитель поездов допускает нарушение требования Инструкции по движению поездов и маневровой работе на железнодорожном транспорте (ИДПТ).

В хозяйстве пути одной из основных причин допущенных на-



рушений является износ верхнего строения пути деревянных шпал, переводного бруса стрелочных переводов, скреплений костылей, подкладок. На сегодняшний день эксплуатация проводится на де-

ревянном основании и рельсах Р-50, что приводит к появлению кустовой негодности шпал и переводных брусев, впоследствии требующих ограничительных и запретных мер.

**– Какие меры принимаются в регионе для улучшения железнодорожной инфраструктуры?**

– По Восточно-Казахстанскому участку составлен план модернизации пути с деревянного на железобетонное основание. За период 2022-2024 годов проведены работы по усиленному среднему ремонту с заменой деревянного основания на железобетонное с рельсами типа Р-65 в объеме 33,7 километра, уложено 48 стрелочных переводов на железобетонном основании. Обновление инфраструктуры

ведется в полном объеме, материалы поступают в установленные сроки, согласно заявкам.

**– Каковы итоги работы ревизорского аппарата за 10 месяцев текущего года?**

– Ревизорский аппарат департамента безопасности движения по Восточно-Казахстанскому участку за 10 месяцев провел 646 проверок, в том числе внезапных – 172, целевых – 451, ночных – 23. В прошлом году за аналогичный период провели 688 проверок, из которых было 153 внезапных, 484 целевых, 31 ночная.


В этом году мы выявили 4 497 нарушений, из них 986 несоответствий по содержанию и эксплуатации технических средств и подвижного состава, 3 211 нарушений касались несоблюдения технологии производства работ, 177 – ведения документации, а в 75 случаях – ее отсутствия. В 10 случаях у проверяемых не было аттестации. Еще 38 случаев мы отнесли к прочим нарушениям. В прошлом году нарушений было больше – 5 448.

В качестве запретных мер в текущем году отставлен 71 локомотив, из них три специальных самоходных подвижных состава (ССПС), 303 грузовых вагона (из текущего ремонта – 20, из планового ремонта – 5, по коммерческой неисправности – 43, из эксплуатации – 211, пассажирских вагонов – 4. Закрывалось 120 станционных путей (из них главных – 43, приемоправочных – 42, тракционных – 14), стрелочных переводов – 144 (из них главных – 13, приемоправочных – 80, прочих – 49). В 126 случаях ограничивалась скорость на 109 путях и 16 стрелках. В четырех случаях ревизоры отменили комиссионный месячный осмотр (КМО), в 58 – локомотивного – 8, пути – 23, сигнализации и связи – 8, электроснабжения – 5, грузовой и коммерческой работы – 32. Хочу напомнить железнодорожникам, что мы все являемся профессионалами, соблюдение безопасности движения – наша основная цель.

Фото автора

## ОПЕРАТИВНАЯ РАБОТА

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



УЧЕНИЯ

**На станции Кушмурун Костанайского региона прошли тактико-специальные учения на тему «Условное тушение пожара в здании ПТО ВЧД-19 на станции Кушмурун».**



Участие в них принимали подразделения государственной противопожарной службы, формирований противопожарных звеньев гражданской защиты, а также негосударственной железнодорожной противопожарной службы.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, данные учения проводились также с привлечением пожарного поезда станции Кушмурун. Цель учений – отработка взаимодействия между всеми службами, проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения пожаров. А также обучение личного состава и руководства в оценке обстановки, определению решающего направления, организации тушения пожара в сложных условиях и управлению личным составом при работе в боевой обстановке.

В этот раз, по тактическому замыслу, в результате короткого замыкания в электрошите произошло возгорание в здании ПТО вагонного депо на станции Кушмурун. Оператор на станции немедленно сообщил о пожаре, и спустя минуты на место прибыли противопожарные подразделения. После разведки и определения решающего направления введения сил и средств, боевых участков и постановки задачи личному составу пожарные приступили к локализации и последующей ликвидации возгорания. В учениях принимали участие 32 человека личного состава и семь единиц техники, включая пожарный поезд. По их итогам руководство дало положительную оценку.

Фото автора

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ

АО «Кедентранссервис» (далее – Общество) реализует металлолом, образованный в результате ремонта подъездных путей, транспортных средств и оборудования (изнашивающиеся детали и узлы, замененные при текущих и капитальных ремонтах), а также списания транспортных средств, не пригодных к эксплуатации и восстановлению.

По всем интересующим вопросам необходимо обратиться в АО «Информационно-учетный центр»:

010000, г. Астана, пр. Республики, д. 29.  
Тел. 8(7172)55-29-81, iac@gosreestr.kz.  
Эл.адрес: <http://www.gosreestr.kz>.

Дата и время проведения торгов, сведения о металлоломе, стартовая цена металлолома, размер гарантийного взноса и порядок его внесения, сроки приема заявок, условия определения победителя торгов, дополнительная информация будут указаны на веб-портале реестра государственного имущества: <http://www.gosreestr.kz>.

## ЛЕГЧЕ ПРЕДУПРЕДИТЬ



ПРОФИЛАКТИКА

**Продолжаются профилактические беседы с учащимися школ и колледжей на темы: «Железная дорога – зона повышенной опасности», «Нет наркотикам» и «Запрещенные предметы и оружие».**

**Марьяна ПЕРВУШИНА,**  
Уральск

С началом учебного года профилактическая работа с учащимися школ, сузов и вузов, расположенных вблизи железной дороги, в Уральском регионе активизировалась. Октябрь вообще можно смело назвать месяцем профбесед. Не отстает от него и ноябрь.

В СОИШ № 25 вместе с полицейскими участие в беседе приняли инженер по охране труда станции Уральск Гульдана Жамалова и ведущий инженер по безопасности и охране

труда Уральского эксплуатационного локомотивного депо Нургуль Тукашева.

Беседа проводилась с учащимися восьмых и девярых классов с общим охватом около 80 школьников. После просмотра профилактических роликов и разьяснительной беседы также провели блиц-опрос, ответили на интересующие вопросы, раздали памятки. Профилактическая работа с учащейся молодежью будет продолжена в течение всего учебного года.

С первокурсниками Западно-Казахстанского индустриального колледжа встретились также



сотрудники линейного отдела полиции по станции Уральск. Беседы на темы «Железная дорога – зона повышенной опасности», «Нет наркотикам» и «Запрещенные предметы и оружие» провели старший инспектор группы профилактики правонарушений ЛОП майор полиции Владимир Федун и старший инспектор группы по контролю за оборотом гражданского и служебного оружия ОАП ЛОП на станции Уральск капитан полиции Бейбит Кадыров.

Фото автора

17 ноября 2024 года на 86-м году ушел из жизни ветеран отрасли, Почетный железнодорожник **ВИТАЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ ШИРЯЕВ.**

Свою трудовую деятельность он начал в службе локомотивного хозяйства на Целинной железной дороге, стоял у истоков электрификации железных дорог Казахстана, занимался вопросами организации тяжеловесного движения в Республике Казахстан совместно с российскими коллегами АО «ВНИИЖТ», участвовал в разработке (проектировании) технических заданий, технических условий, а также сопровождении новых проектов, таких как грузовые тепловозы ТЭЗЗА (Эволошн), пассажирские электровозы серии КЗ4АС, грузовые электровозы КЗ8А, пассажирские вагоны Тальго, модернизация электровозов серии ВЛ80 (ВЛ40), грузовых тепловозов серии 2ТЭ10 и др., а также участвовал в техническом сопровождении и испытаниях этого подвижного состава.

Виталий Ширяев был наставником и учителем для молодых специалистов, оставил после себя много воспитанников, которые в настоящее время продолжают его дело в различных сферах железнодорожного транспорта (разработка новых проектов, испытания, сертификация, разработка стандартов и т. д.). За годы своей работы он стал обладателем различных авторских свидетельств, автором многочисленных научных статей, успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук.

Руководство и коллектив профсоюза и ветераны отрасли выражают глубокие соболезнования родным и близким. Мы искренне скорбим вместе с Вами.

Центральный совет ОО «Казпрофтранс» и коллектив редакции газеты «Қазақстан теміржолшысы» выражают искренние соболезнования собственному корреспонденту по Карагандинской области Светлане Могай в связи с тяжелой и невосполнимой утратой – кончиной матери **Галины Андреевны Ким.**



№98 (3028) 19/11/2024

## «БІЛІМ ЭКСПРЕСІ» – АРЫСТА

Жылжымалы даму орталығы ретінде танылған «Білім экспресі» мектебінің кезекті жиыны Арыс қаласындағы локомотив пайдалану депосында өтті. «Қазкөліккәсіп» ҚБ Шымкент филиалының атсалысуымен ұйымдастырылған жиын 2 күнге созылды.



Семинар-тренингке «Жүк тасымалы» ЖШС мен Магистральдық желі дирекциясының Шымкент филиалына қарасты үлкенді-кішілі кәсіпорын-мекемелердің 50-ге жуық қызметкері қатысты.

Біліктілікті арттыру шарасын ҚТЖ-ның «Теміржол көлігіндегі персоналды дамыту мен бағалау орталығы» филиалының тәжірибелі мамандары жүргізді.

Өткен жылдан бері тәжірибелік білімді «Есіктен – есікке» жобасы аясында аймақтардағы станция, деполарды аралап жүргізіп келеміз. Мақсатымыз – шалғай учаскелерде еңбек ететін теміржолшыларды өндірістік жаракат алумен сақтандыра отырып, адами құндылықтарға ден қоюға баулу. Ал курсымызды тәмамдаған мамандарға арнайы сертификат табысталады, – дейді семинарды жүргізуші Адам ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес-серіктесі Алма Сәулебаева.

Айта кетейік, жиынға жетекшілік еткен Алма Тұрарқызының темір жол саласындағы еңбек өтілі 32 жылды құрайды. Сондықтан да

оның бұл салаға қатысты айтары аз емес.

Жиынның ашылу рәсіміне қатысып, сөз сөйлеген «Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалы директорының орынбасары Арман Мақұлбекұлы қызметкерлер осы жерден алған білімдерін кәсіпорын, мекемелердегі жұмыс орындарында, учаскелер мен околотка, цехтарда іс жүзінде қалай жарайтындығына сенімділік білдірді.

Арыс станциясының кезекшісі Телғозы Шорахан жиында жалпыға бірдей пайдалы кеңестер айтылғанын атап өтті.

– Темір жол кәсібі білімді қажет ететін салалық мамандық болғандықтан – біздің әріптестеріміз үшін мұндай біліктілікті арттыру шаралары керек-ақ. Өйткені мұндай өмірлік маңызды зор кеңестерді алу үшін бәріміздің сонау Астанаға барып-қайтуымыз оңайға түспейді. Сондықтан да білімді «есіктен есікке жеткізу» жобасы арқылы насихаттап жүрген жан-дарға алғыс айтамыз, – дейді ол.

**Ақылбек ӘМЗЕ, Арыс**  
Суретті түсірген автор

## Твои люди, магистраль!

## ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ПУТЬ

В копилку наград директора специализированного мостового отряда Каната Карбозова добавился Почетный нагрудный знак «Самұрық-Қазына акционерлік қоғамының құрметті қызметкері». Эта высокая награда подчеркивает его вклад в развитие и безопасную эксплуатацию мостовой инфраструктуры, а также преданность делу и профессионализм.



Канат Карбозов – яркий пример современного руководителя, сочетающего в себе профессиональные качества, ответственность и прагматизм. Свои лидерские качества он проявляет, направляя команду на достижение высоких результатов и обеспечение безопасности мостовых объектов. И неудивительно, что мостоотряд уже досрочно сдал годовой план – 86 объектов, кроме того, они уже завершили 20 объектов вне плана. Такой показатель успешности говорит сам за себя. Стиль управления Каната Сеилхановича основан на открытости и готовности к диалогу с сотрудниками, что способствует укреплению командного духа и повышению эффективности работы.

Родился наш герой в Алматинской области на маленькой станции Жирен-Айгыр в семье железнодорожников. В 1986 году поступил в Алматинский строительный техникум, который успешно окончил. Три года Канат Карбозов служил в рядах Военно-морского флота командиром взвода, секретарем комсомольской организации, здесь и проявились его организаторские качества, умение принимать решения и действовать по обстановке.

Бравым и закаленным бойцом он пришел работать в Алматинскую дистанцию пути, начинал рабочим, затем бригадиром цеха производственных зданий. Параллельно с работой заочно учился в Казахской академии транспорта и коммуникаций по специальности «строительство железных дорог, путь и путевое хозяйство». В 1997 году он становится бригадиром мостовой бригады, где под его непосредственным руководством были произведены капитальный ремонт пешеходного моста на станции Алматы-2, а также капитальный ремонт путепровода в черте города. Его путь был отмечен множеством достижений, требующих глубоких технических знаний и тонкого подхода. Так, на перегоне Алматы – Бурундай под его руководством было произведено оздоровление деформирующего земляного полотна, где на протяжении нескольких десятков лет была установлена скорость 25 километров в час. Благодаря настойчивости, умелому подходу удалось поднять скорость движения поездов на данном участке до 100 километров в час. В 2005 году Канат Сеилханович возглавил производственно-технический отдел Алматинской дистанции пути. А спустя три года его наз-

начили заместителем директора Алматинской дистанции пути, затем главным инженером.

Особо значимы заслуги Каната Карбозова перед железной дорогой, когда после разрушительного наводнения на участке Айнабулак – Матай он принимал активное участие в восстановлении железнодорожного полотна. В течение суток под его руководством были восстановлены 50 метров пути и железнодорожный мост на перегоне Айнабулак – Таурасы и вызволен из водного плена пассажирский поезд. Вот тогда и понадобились полная мобилизация и концентрация сил и принятие единственно верного решения.

Примерно пять метров моста оказались под угрозой, но эта полуразвалившаяся конструкция представляла собой единственную возможность отправить по назначению поезд, в котором люди буквально изнывали от многочасовой стоянки. Оценив ситуацию, он и другие специалисты решили нестандартным способом восстановить опору

пролета и на минимальной скорости пропустить по нему поезд. Проявив огромную выдержку и самообладание, Канат Сеилханович стоял под мостом и подавал команды машинисту, он понимал и оценивал весь риск, причем все его действия были подкреплены инженерными расчетами. Из локовок хоппер-дозатора было отсыпано достаточно камня, чтобы на минимальной скорости и без угрозы для жизни людей пропустить поезд. Он прошел со скоростью пять километров в час по мосту, которые для всех показались вечностью. А спустя несколько дней – новое испытание, в связи с разрушением Кызылагашской плотины были закрыты для движения поездов перегоны Кумтобе – Егису – Алажиде, мощным потоком воды были смыты пролеты и опоры, конусы мостов. Под руководством Каната Карбозова восстановительные работы были выполнены в течение пяти дней.

С 2011 года он возглавляет специализированный мостовой отряд – перспективное и мощное предприятие региона. Канат Сеилханович – руководитель, обладающий уникальными способностями находить выход из самых сложных и, казалось бы, тупиковых ситуаций.

Почетный железнодорожник, обладатель знака «Адал еңбегі үшін», «Үздік басшы», награжденный грамотами и благодарственными письмами от руководства, не представляет себя вне дороги, которая стала частью его ежедневных забот, ответственности и большого профессионального пути.

**Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы**  
Фото автора

## МҮДДЕЛЕС МЕКЕМЕЛЕР ЖАТТЫҚТЫ

Түркістанда азаматтық қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті нығайту мақсатында өзара мүдделес мекемелердің бірлескен оқу-жаттығу жиыны өтті.

Станция аумағында ұйымдастырылған шараға «Әскерлендірілген теміржол күзеті» ЖШС Түркістан филиалының Түркістан станциясындағы атқыштар командасы қатысты. Сонымен қатар қала әкімінің арнайы өкіміне сай бұл жиынға Түркістан станциясындағы №29 өрт сөндіру пойызының жасағы мен жергілікті полиция өкілдері де жұмылдырылды.

Өрт-техникалық оқу-жаттығу сценарийі бойынша жылжымалы құрамдағы цистер-

на-вагоннан қауіпті жүк аммиактың төгілуі орын алды. Дереву дабыл қағылып, құрылымдық сала мамандары оқиға орнына шұғыл жетті. Талапқа сай әрекет еткен олар ең алдымен қауіпті жүгі бар вагон-цистернаны құраман ажыратып, оңаша жолға қойды. Күзет қызметінің сарбаздары аумақты қоршауға алып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

– Біздің команданың ерікті топ күзетшілері өздеріне тиесілі міндетті мінсіз атқарып, ше-

берліктерін шыңдады. Бұл жерде өзгенің өмірін сақтау мен мүлкіті күзетуде қызметкерлердің өз қауіпсіздігіне қатысты қағидалар пысықталғанын атап өткен жөн, оқу-жаттығудың өзі шеберлікті шыңдау, бүгінгі шараға қатысқан құрылымдар төтенше жағдай орын алған жағдайда оған төтеп беретін дағды қалыптастыратын болады, – дейді Түркістан станциясындағы атқыштар командасы бастығының орынбасары Талғат Айтбеков.

Команда бастығы Әділхан Мұсаев оқу-жаттығу барысында әрбір қатысушылардың төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттері өзара үйлесім тауып, практикалық тәжірибелерін толықтыратынына сенімді.

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент**

## ТАСЫМАЛ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

Жолаушылар тасымалында тиісті талаптарды сақтау да қауіпсіздік кепілі болып табылады. Мысалы, көліктегі санитар мамандар теміржолшылар назарына оқушылар мен жасөспірімдер топтарын тасымалдау кезінде есте ұстау керек қағидаларды ұсынады.



Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының маманы пойыз қызметі арқылы жаз мезгілінде балалардың топтық сапары жиі ұйымдастырылатынын айтады. Лагерге демалысқа аттанған немесе ел ішінде экскурсиялық іс-шараларға, спорттық жарыстарға шығатын балалар ұжымын теміржол көлігімен тасымалдаудың өз ережесі мен талабы бар және ол бұлжытпай орындалуы тиіс. Алдымен кез келген балалар топтары жанында міндетті түрде ересектер және медицина қызметкері болуы керек. Жол жүру кезінде ұйымдастырушыларға ауыз су, медициналық дәрі-дәрмек қорына, бұқтырылған ет, печенье, галеттер, креккерлер, тоқаштар, жұмсақ кәмпиттер, нанды және нан-тоқаш өнімдерінің болуын ескерту қажет. Сонымен қатар сапар барысында жаппай уланудың және ішек инфекцияларының тіркелуді болдырмау аса маңызды.

Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Камшат Қзаеваның айтуынша, биыл тасымалданған балалар топтары арасында жұқпалы ішек инфекциялық аурулары тіркелген жоқ. Дегенмен, республика бойынша мұндай жайттар өкінішке орай болып тұрады. Сондықтан оның алдын алу үшін тасымал талабын сақтаған жөн.

Айта кетейік, елімізде 7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар билетімен жүруге рұқсат етіледі. Ал 15 жастан асқан балалар ересектер билетін сатып алады. Бұл жастағы балалар ересек адамның еріп жүруінсіз, бірақ олардың заңды өкілінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімімен өз бетінше саяхаттай алады. Жасөспірімдердің жол жүру кезіндегі қауіпсіздігі тиісті мамандармен тұрақты қадағаланып отыру қажет.

**Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе**  
Суретті түсірген автор

## Спорт

## САЙЫС ӨТТІ

Жуырда Бейнеу станциясында сала кәсіподағының демеушілігімен ұлттық спорт ойындарының жарыс өтті. Спорт нұсқаушыларының бастамасымен өткен сайысқа станциядағы барлық мекемелерден ойыншылар қатысты.

Ең алдымен ләңгі теуіп жарысқан жігіттер қатарында бұл ойынға машықтанғаны соншалық, икеміне салып алып, жерге түсірейін он-он бес минут өнер көрсеткендер болды. Қорғасыннан құйылған құрттай ләңгіні допша теуіп, демалмай ойнағандар амалсыз таңдай қақтырды. Жарыс қорытындысы бойынша үздіктер анықталып, диплом және басқа да сыйлықтарға ие болды. Бірінші орынды техникалық қызмет көрсету пунктінде Бейбіт Өмірғалиев, екінші орынды жол дистанциясынан Иса Құрманбаев, үшінші орынды вагон қараушы Тұрар Ниязов алды.

Бейнеу станциясындағы спорт нұсқаушысы Бекзат Нұрәлиев алдағы уақытта басқа да спорт түрлерінен сайыс өтетінін жеткізді.

**Айсұлтан АРМАН, Бейнеу**  
Суретті түсірген автор

## ПРОВЕРИЛИ УРОВЕНЬ ЭРУДИРОВАННОСТИ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ПП» прошла интеллектуальная игра «Үлесіңді қос», посвященная 120-летию железной дороги Казахстана. Работники показали не только знания, но и настоящий командный дух, который лежит в основе успеха всей системы КТЖ.

В борьбе за звание самых эрудированных встретились девять команд. Участники стали действующими железнодорожниками. Всего свою грамотность, сплоченность, умение логически мыслить и скорость реакции показали 45 человек.

Игра состояла из двух этапов. В первом – командам необходимо было защитить свои проекты на панельной сессии. Во втором – нужно было предоставить правильные ответы на вопросы. К слову, они касались широкого спектра тем. Это и процесс цифровизации, и история железнодорожного транспорта. Кроме того, были заданы общего профиля, направленные на логику.

– Особенно важно отметить, как цифровизация меняет облик нашей отрасли. Сегодня КТЖ – это не только железные пути, но и умные технологии, которые помогают оптимизировать перевозки, повышать безопасность и улучшать качество сервиса для клиентов. От электронной логистики до автоматизированного управления мы строим будущее, где скорость и точность станут нашими главными союзниками. Акмолинское отделение ПП вносит свой вклад в эту трансформацию, продолжая традиции,



заложенные 120 лет назад, и уверенно двигаемся вперед. Поздравляю всех коллег с этим знаменательным юбилеем! Пусть наше стремление к знаниям и инновациям прокладывает дорогу к новым вершинам, – отметила менеджер по персоналу филиала НОДПП-1 Акмола Айтген Нұрғұл Саматқызы.

По итогам интеллектуальной игры первое место заняла команда «Авангард науки и техники» из ВЧД-34, на втором – расположились «Случайные пассажиры», представляющие НОД-1, и замкнула тройку победителей «Молния» из участка ДС Жалтыр.

Победителям были вручены ценные призы, а остальным шести командам дипломы и памятные подарки.

**Руслан РАХМЕТОВ**  
Фото автора



КАЗАХСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Мұздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Газет басылатын қалалар:  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

Меншікті тілшілер:

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушанова 8-777-203-51-87  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Жамбыл:** Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы  
**Ерболат Тілеуберенов,**  
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.